**«БЕКІТЕМІН»**
**М. Қозыбаев атындағы**
**СҚМУ ректорының м.а.**
**___________ Е.М. Исақаев**
**«____»____________2020г.**

# «СҚМУ-дың 100 үздік білім алушылары» байқауының (онлайн іріктеу) ЕРЕЖЕСІ

## 1. Жалпы ереже

**1.1** Осы Ереже «СҚМУ 100 үздік білім алушылары» (онлайн іріктеу) (бұдан әрі– Байқау) ашық байқауын өткізу тәртібін анықтайды.

**1.2** Байқауға қатысуға университеттің оқуда, ғылыми-зерттеуде, қоғамдық жұмыста, спортта, мәдени өмірде жоғары жетістіктері бар күндізгі оқу бөлімінің 1- 4 курс студенттері шақырылады.

**1.3** Байқаудың негізгі мақсаты – университетте оқу барысында, ғылымда, студенттік өзін-өзі басқаруда, спортта, шығармашылықта және басқа да қызмет салаларында өздерін белсенді көрсеткен университет білім алушыларын анықтау және көтермелеу.

**1.4** Байқау «Рухани Жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институты М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-нің Академиялық қызмет Департаментімен, Ғылым Департаментімен, Тәрбие және әлеуметтік жұмыс Департаментімен бірлесіп өткізіледі (бұдан әрі - бірлескен ұйымдастырушылар).

**1.5** Үздік білім алушыларды іріктеуді әзірленген критерийлерге сәйкес конкурстық негізде кандидаттарды кешенді іріктеуді жүзеге асыратын сараптамалық комиссия (консультативтік-кеңесші орган) жүргізеді. Сарапшылар «Рухани Жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институты, Академиялық қызмет департаменті, Ғылым департаменті, Тәрбие және әлеуметтік жұмыс департаменті өкілдерінен, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-нің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерінен құралады.

**1.6** Бұл Ереже байқауға қатысуға үміткер барлық мүдделі тұлғаларға танысу үшін беріледі. Ереже БАҚ-та жарияланады.

## 2. Байқауды өткізу кезеңдері

**2.1 I-кезең** – **Өтінім** ұсыну: ***2020 жылдың 20 сәуірінен - 2020 жылдың 5 мамырына дейін*** қабылданады. Байқауға қатысу және өтінім беру үшін көрсетілген мерзімде өтінімді қосымшада берілген үлгі бойынша (1-қосымша) ресімдеу және мына электрондық поштаға ұсыну қажет: **ruhani_zhangyru_skgu@mail.ru**. Байқау шарттарына сәйкес келмейтін, сондай-ақ құжаттаманы қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін жіберілген сауалнамалар қарауға жатпайды.

**2.2** Байқауға қатысушылар өтінім мен бірге ұсынылған нысанға сәйкес (2 – қосымша) «Менің жетістіктерім – менің нәтижем» портфолиосын (бұдан әрі-Портфолио) ұсынуы тиіс. Байқауды ұйымдастырушы, егер берілген өтінім мен

Портфолио берілген нысандарға сәйкес келмесе, өтінімді және қатысушының портфолиосын қабылдаудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

**2.3 II кезең** – байқау комиссиясының мүшелері қатысушылардың портфолиосын іріктеуін ***2020 жылғы 6 мен 15 мамыр*** аралығында өткізеді.

**2.4 III кезең** – Байқау қорытындысын шығару. ***2020 жылғы 16-20 мамырда*** байқау комиссиясы байқауға қатысушылардың үздік портфолиосын іріктейді.

**2.5** Ең жоғары рейтинг алған қатысушы (кәсіби құзыреттілікті, жеке және кәсіби жетістіктерді бағалау балдарының сомасы) арнайы сертификат алады және оның веб-портфолиосы М.Қозыбаев атындағы СҚМУ сайтында орналастырылады.

## 3.Байқауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

**3.1** Байқауға қатысушылар құқылы Байқаудың өткізілу шарттары мен тәртібі туралы ақпарат алу;

**3.2 Байқауға қатысушылар міндетті:**

3.1.1 Байқау нысанасымен танысу, байқауға қатысуға қойылатын талаптарды зерделеу.

3.1.2 Осы Ережеде көрсетілген ережелер мен рәсімдерді сақтау.

**ҚҰРАСТЫРҒАН**

«Рухани жаңғыру» ӘГЗИ директоры____________________ З.К. Картова

**КЕЛІСІЛДІ**

Ғылым және инновация жөніндегі проректор ______________ А.Ғ. Ибраева

Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың м.а._________ Ж.С. Таласпаева

ТЖ және ӘМ жөніндегі проректор________________________ Н.А. Баимбетов

**Байқау туралы Ережеге**
**Қосымша 1**

**Байқауға қатысуға өтінім**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Тегі, аты-жөні | |
| 2 | Туған жылы | |
| 3 | Факультет | |
| 4 | Курс, тобы | |
| 5 | Мекен-жайы, телефон,<br>e-mail. | |
| 6 | Портфолионың болуы | |

**Қатысушы:**
қолы                                        аты-жөні, тегі

Күні

**Байқау туралы Ережеге**
**Қосымша 2**

**«СҚМУ 100 үздік білім алушылары» байқауы (онлайн іріктеу)**
**«Менің жетістіктерім–менің нәтижем» портфолио**

1. *Студенттіңүлгерімі*

Оқу жоспарының пәндері бойынша үлгерімнің орташа балы – студенттің транскриптімен расталған,ағымдағы оқу жылындағы байқауға қатысушының академиялық үлгерімінің орташа балы GPA.

2. *Олимпиадаларға, байқауларға қатысуы*

| № р/с | Олимпиада, байқауатауы | Өткізілген орны мен уақыты | Ескерту ( қоғамдық жұмыс туралы фактілері – грамоталар, алғыс хаттар, дипломдар) |
|---|---|---|---|
| 1. | | | |
| 2. | | | |
| 3. | | | |

3. *Ғылыми, ғылыми-зерттеуқызметі*

Ғылымиконференцияларға, семинарларға,конкурстарға, жарияланымдарғақатысу

| № р/с | Конференция атауы | Конференция өткізілген күні | Тақырыбы | Жарияланымның болуы (атауы, шығуы туралы мәлімет) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |

Жобаларбайқауынақатысу

| № р/с | Байқаудың атауы | Күні | Жоба тақырыбы | Ескерту (сертификаттың, грамотаныңжәнет.б. болуытуралыбелгі) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |

4. *Студенттің оқу белсенділігі*

Университеттің, қаланың, республиканың студенттік өзін-өзі басқару органдарының және жастар қоғамдық бірлестіктерінің жұмысына қатысу

| № р/с | Студенттік өзін-өзі басқару органы, бірлестік атауы | Қызмет түрлері (тапсырмалар) | Қызмет кезеңі | Ескерту (қызметті дәлелдейтің фактілері – грамоталар, алғыс хаттар, дипломдар) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |

Университеттің, қаланың, республиканың әлеуметтік маңызды, мәдени-бұқаралық іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге қатысу

| № р/с | Іс-шара атауы | Қызмет түрлері (тапсырмалар) | Күні | Ескерту (қызметті дәлелдейтің фактілері – грамоталар, алғыс хаттар, дипломдар) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |

Студенттердің спорттағы жетістіктері

| № р/с | Спорт түрі | Жарысқа қатысу | Жарыс күні | Ескерту (сертификаттың, грамотаның, дипломның болуы туралы белгі) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |

Студенттердің шығармашылық жетістіктері

| № р/с | Қызметтүрі | Байқауларға, фестивальдарға, қатысу | Күні | Ескерту (сертификаттың, грамотаның, дипломның болуы туралы белгі) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |

5. Үміткердің тікелей қатысуымен ұйымдастырылған тақырыпты іс-шаралардың болуы.

| № р/с | Қызмет түрі | Атауы, тақырыбы | Күні | Ескерту (сертификаттың, грамотаның, дипломның болуы туралы белгі) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |

Портфолио «Менің жетістіктерім–менің нәтижем»:
– «Мен–үздік студентпін» тақырыбындағы бейнеролик  немесе эссе;
- СҚМУ барлық оқу кезеңіндегі дипломдар, алғысхаттар, құрмет және басқа да грамоталар, сертификаттар;
- ұсыныс хаттар, түйіндеме, пікірлер;
- иллюстрациялар (фотосуреттер, газет беттерінен алынған кесулер, бейнематериалдар және т. б.);
- СҚМУ-де оқудың барлық кезеңінде қатысушының жетістіктері мен жеңістерін растайтын басқа да құжаттар болуы  қолданады.

**БайқаутуралыЕрежеге**
**Қосымша 3**
**«СҚМУ 100 үздікбілімалушылары»**
**(онлайн іріктеу)**

## Байқауға қатысушының жетістіктері үшін студенттерді бағалау критерийлері

Әр қатысушыға веб-портфолио құрастырылады –университеттің ресми сайтында қатысушының жеке және кәсіби жетістіктерін көрсететін жеке парақшасы жасалады.

1. Жалпы критерийлер:

- студенттің транскриптімен расталған ағымдағы оқу жылындағы байқауға қатысушының академиялық үлгерімінің GPA орташа балы;
- түрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысу;
- дипломдардың, грамоталардың және өзге де марапаттардың болуы;
- байқауға қатысушының жетістіктерінің практикалық маңыздылығы;
- қатысушының тікелей қатысуымен ұйымдастырылған тақырыпты іс-шаралардың болуы;
- жарияланымдардың, ғылыми жұмыстардың болуы;
- СҒЗЖ республикалық конкурсына қатысу;
- Қосымша оқудан өту, курстан өту;
- Спорттық және шығармашылық іс-шараларға қатысу;
- Кәсіби тәжірибесі: қоғамдық жұмыс;
- Сыйлық, марапаттар, құрмет атақтар жәнет.б.;
- Мүдделері мен жеке қасиеттері.